Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екенін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін; • Тәртіппен танысқанын және осы Шартты орындауға әсер ететін Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Тапсырыс беруші өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тәртіптің 61-бабының 10 және 10-1-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде осы Тәртіптің 61-бабының 10-тармағы шеңберінде сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды қарау қорытындыларын талдау арқылы тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарында орындалған Жұмыстарды қабылдауға және оларға ақы төлеуге міндеттенеді.

1.1.1. Төменде санамаланған құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда: сатып алынатын жұмыстардың тізбесі (Шартқа 1-қосымша); техникалық ерекшелік/техникалық тапсырма (Шартқа 2-қосымша); - елішілік құндылығы бойынша есептілік (Шартқа 3-қосымша); - Шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны (Шартқа 4-қосымша); - Жұмыстарды жүргізу кестесі (Шартқа 5-қосымша); - Шартты орындау шеңберінде тартылған қосалқы мердігерлер бойынша ақпарат (Шартқа 6-қосымша);

1.2. Жұмыстарды орындау мерзімі: басталуы: «___» _____ 202_ жыл; аяқталуы: «___» _____ 202_ жыл. Жұмыстарды орындаудың аралық мерзімдері Жұмыстарды жүргізудің бекітілген кестесінде (Шартқа 5-қосымша) көзделеді.

1.3. Мердігер Жұмыстарды өз тәуекелі үшін және өз материалдарын пайдалана отырып орындауға міндеттенеді. Материалдар сапалы, жаңа, бұрын пайдаланылмаған болуы тиіс.

1.4. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып, мынаны растайды: - «Қазақстан темір жолы «ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған «Қазақстан темір жолы «ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Өнім беруші кодексінің (бұдан әрі - Өнім беруші кодексі) мазмұнын мұқият зерделеді және түсінді, сондай-ақ Мердігердің Өнім беруші кодексіне толық сәйкес әрекет ететінін растайды. Өнім берушінің орналастырылған кодексіне жол (сілтемелер): https://railways.kz/en/corporate-governance/corporate-documents/ https://railways.kz/ru/korporativnoe-upravlenie/korporativnye-dokumenty/ https://railways.kz/kk/korporativtik-basaru/korporativtik-zhattar/

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен:

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Орындалған жұмыстар актісіне (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - Веб-портал) түпкілікті орындалған Жұмыстар актісімен бірге ұсынылады);

2.4.2. «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық нысандағы шот-фактура;

2.4.3. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі.

2.4.4. Орындалған Жұмыстар актісінің түпнұсқасы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.5. Заңнаға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісі (актілері) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Жұмыстар актісіне (актілеріне) Шарттың Тараптары ҚР заңнамасында көзделген нысан бойынша қағаз жеткізгіште қол қояды.

2.7. Тапсырыс беруші төлем құжаттарының топтамасын Мердігердің дер кезінде ұсынбауымен/қол қоймауымен байланысты төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

2.8. Жұмыстарды толық көлемде орындау аяқталғаннан кейін Тараптар 30 күнтізбелік күн ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін жасайды және оған қол қояды.

2.9. Мердігердің іс жүзіндегі шығыстары Шарттың Жалпы сомасын айқындау кезінде ескерілген шығыстардан (үнемдеуден) аз болған жағдайда (үшінші тұлғалардың шығыстарын төлеу, баж салықтары және т.б.), Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын Мердігер алған үнемдеу сомасына азайтуды талап етуге құқылы.

2.10. Ақы төлеу нысаны - Мердігердің есеп шотына ақша аудару жолымен.

3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

3.1. Егер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету/аванстың (алдын ала төлемнің) қайтарылуын қамтамасыз ету сомасы 170 000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық болса және Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету түрі - банктік кепілдікті таңдаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде: 1) мынадай критерийлерге сәйкес келетін ҚР екінші деңгейдегі банкінен (бұдан әрі - ЕДБ): - банк кепілдігі берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 3 (үш) ай ішінде ҚР Ұлттық Банкінің пруденциалдық нормативтерін орындау; - Standard & Poor 's/Fitch бойынша «B-» -тен төмен емес немесе Moody' s Investors Service бойынша «B3» шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтің не бас ұйымның рейтингінің болуы. ЕДБ рейтингі болмаған жағдайда, егер ол «BBB» деңгейінен төмен болмаса, осы ЕДБ акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей тиесілі ЕДБ акционерінің (қатысушысының) рейтингі есепке алынуы мүмкін; 2) шетелдік заңнамаға сәйкес банк қызметін жүзеге асыратын және Standard & Poor 's/Fitch бойынша «BBB» төмен емес немесе Moody' s Investors Service бойынша «Baa2» төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар шетелдік банктен. Біреуден артық рейтинг болған жағдайда олардың ең нашары есепке алынады. Бұл ретте, банк Шартты орындаудың бүкіл мерзімі ішінде осындай өлшемдерге сәйкес келуі тиіс, керісінше жағдайда - Мердігер Тапсырыс берушіге осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін басқа банктен Рейтинг өзгерген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кепілдік беруге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің Банктен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Мердігер берген банк кепілдігі бойынша авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді алуы мүмкін болмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің тиісті хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жаңа банк кепілдігін беруге міндетті.

3.3. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

3.4. Мердігер шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан Мердігерге оның шарттық міндеттемелерді орындауын бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.

3.5. Егер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету және/немесе шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде Тапсырыс беруші сақтандыру шартын қабылдаса, онда мұндай шарт Тәртіптің 15-қосымшасына сәйкес келуге және төленген аванстың (алдын ала төлемдің) барлық сомасын жабуға және оны айдың бірінші күнінің алдындағы 12 (он екі) ай ішінде пруденциалдық нормативтерді сақтайтын сақтандыру ұйымы беруге тиіс сақтандыру шарты берілген күні көрсетіледі. Сақтандыру шартына нөлдік шартты франшиза шарттарында қол қойылуға тиіс.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

4.1.2. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.3. Жұмыстарды тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтылыммен білікті мамандар орындауға;

4.1.4. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.5. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.6. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.7. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.8. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.9. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша Қор операторы бекіткен, орындалуы және көрсетілуі кезінде тауарларды өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесінде Жұмыстар болған жағдайда, Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндірушіден (олардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны (оларды) іске асыратын ұйымды (ұйымдарды), тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады. Өнім беруші тауарларды жеткізудің бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарынан туындаған Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/Жаңа өндірістерді құру жобасын іске асыратын ұйым ұсынған тауардың (тауарлардың) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарларды (тауарларды) қабылдау-тапсыру актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

4.1.10. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шартқа 4-қосымшаға сәйкес ресімделген [Шарттың орындалуын қамтамасыз ету түрі] түріндегі Шарттың жалпы құнының % [Шарттың орындалуын қамтамасыз ету пайызы] мөлшерінде енгізуге Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған сәтке дейін қолдану мерзімімен және Тәртіпке 15-қосымшаға сәйкес ресімделген. Осы міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Мердігердің сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау жағдайлары бұған жатпайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаса, онда Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.11. Шартта және Жұмыстарды жүргізу кестесінде көзделген шарттарға, мерзімдерге және тәртіпке сәйкес орындалған Жұмыстарды Тапсырыс берушіге тапсыруға (5-қосымша);

4.1.11.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Жұмыстардың барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.11.2. Орындалған Жұмыстар актісінің түпнұсқасы Веб-порталда электрондық түрде, сондай-ақ міндетті түрде қағаз тасымалдағышта;

4.1.11.3. «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық нысандағы шот-фактура;

4.1.12. Шартта және Жұмыстарды жүргізу кестесінде көзделген шарттарға, мерзімдерге және тәртіпке сәйкес орындалған Жұмыстарды Тапсырыс берушіге тапсыруға (5-қосымша);

4.1.13. Жұмыстарды орындау барысын баяулататын немесе Жұмыстарды одан әрі орындауды мүмкін етпейтін мән-жайлар туындаған жағдайда, осындай мән-жайлар туындаған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Тапсырыс берушіні хабардар етуге;

4.1.14. Заңнама талаптарының сақталуын, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қорғау, Тапсырыс берушінің мүлкінің сақталуы мен тұтастығы жөніндегі, оның ішінде Мердігерге берілген қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

4.1.15. Қазақстан Республикасының өндірістік қауіпсіздік саласындағы заңнамасының және Шарттың талаптары бұзылған жағдайда, Жұмыстарды орындау, оның ішінде Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша, орын алған бұзушылықтар толық жойылғанға дейін тоқтатыла тұрсын. Бұл жағдайда Жұмыстарды орындауды тоқтата тұру Мердігердің кінәсінен тұрып қалу болып табылады;

4.1.16. Шартты орындау шеңберінде тартылған қосалқы мердігерлер туралы ақпаратты (6-қосымша) орындалған Жұмыстардың актілерімен бірге беруге;

4.1.17. Орындалған Жұмыстардың нәтижелерін қабылдау барысында анықталған орындалған Жұмыстардың сапасын нашарлататын барлық анықталған ақаулар мен кемшіліктерді Тапсырыс берушінің ақаулық актісінде көрсетілген мерзімде өз күштерімен және өз есебінен өтеусіз жоюға;

4.1.18. Өз есебінен және өз күштерімен Жұмыстарды орындау кезеңінде анықталған орындалған Жұмыстардағы кемшіліктерді, ақауларды Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жоюға;

4.1.19. Жұмыстарды орындау үшін қажетті Мердігер жеткізген материалдарға, жабдықтарға, жинақтаушы бұйымдарға лицензиялар (сертификаттар) алуға байланысты барлық шығыстарды дербес көтеруге;

4.1.20. ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті ауыстырған жағдайда бұл туралы ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы жаңа куәліктің көшірмесін қоса бере отырып, күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде жазбаша хабарлауға. ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарылған жағдайда бұл туралы ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарылғаны туралы құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде жазбаша хабарлауға. Егер шарт жасасу кезінде Мердігер ҚҚС төлеуші болып табылмаса, бірақ кейіннен ҚҚС бойынша тіркеу есебіне тұрса, бұл туралы ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесін қоса бере отырып, күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде жазбаша хабарлауға;

4.1.21. Жұмыстарды орындау кезінде табиғат қорғау заңнамасын бұзу салдарынан Тапсырыс берушіге немесе үшінші тұлғаларға келтірілген шығындарды өтеуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдер төлеу бойынша Тапсырыс беруші шеккен шығыстарды өтеуге;

4.1.22. Жұмыс орындалған аумақтағы, жұмыс алаңындағы және оған іргелес аумақтағы қоршаған орта объектілеріне өзінің техногендік әсерінің теріс салдарын толық жоюды қамтамасыз етеді;

4.1.23. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды орындау үшін қажетті алыс-беріс шикізатын қабылдауға, оның ішінде (оларды орындау кезінде Тапсырыс беруші жаңа өндірістер құру және осы тауарларды сатып алу жобасын іске асыру шеңберінде әлеуетті өнім берушілер өндіретін Тауарлар тізбесіне енгізілген тауарлар пайдаланылатын Жұмыстарды сатып алу жағдайында көрсетіледі): - Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырысшы алыс-беріс негізінде ұсынған тауарларды Жұмыстарды толық көлемде орындау үшін қажетті мөлшерде үнемді және есептілікпен пайдалануға; - Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс беруші алыс-беріс негізінде ұсынған тауарлардың жұмсалуы туралы ай сайынғы және/немесе қорытынды есепті/есептерді ұсынуға; - Тапсырысшы алыс-беріс негізінде ұсынған, Жұмыстарды орындағаннан кейін қалған тауарларды қайтаруға немесе (Тапсырысшының келісімімен) Мердігерде қалған пайдаланылмаған тауардың құнын ескере отырып, Жұмыстың бағасын төмендетуге; - Мердігердің Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырысшы алыс-беріс негізінде берген тауарларды пайдалану жөніндегі өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұл санкцияларын төлеуге міндетті.

4.1.24. Тапсырыс беруші заңнаманы бұзғаны үшін Мердігердің кінәсінен әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайда: экологияны, еңбекті қорғауды, қоршаған ортаны қорғауды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Тапсырыс беруші шеккен айыппұлдарды толық көлемде өтеуге;

4.1.25. Тапсырыс берушінің мүлкінің және оған сеніп тапсырылған басқа да материалдық және материалдық емес құндылықтарының сақталуын қамтамасыз етпеу нәтижесінде келтірілген залалдарды толық мөлшерде өтеуге;

4.1.26. Жұмыстар аяқталғаннан кейін барлық құқықтар, оның ішінде Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтар Тапсырыс берушіге өтеді;

4.1.27. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін рұқсат құжаттары, авторлық құқықтары мен лицензиялары болуы (егер Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай талаптар белгіленген жағдайда көрсетіледі);

4.1.28. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен жұмыстарды орындау. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәндерге ауыстыра алады (тендер тәсілімен сатып алу өткізілген жағдайда көрсетіледі);

4.1.29. Тапсырыс берушіден сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге қосалқы мердігерлер және олардың атауын, БСН, басшылар мен құрылтайшылардың деректерін, жақын туыстары туралы мәліметтерді қоса алғанда, аффилиирленуі бойынша ақпарат беру (ата-анасы, жұбайы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының аға-інісі, апа-сіңлісі, ата-анасы, балалары) ЖСН көрсете отырып, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

немесе жанама қатысу, құрылған күнінен бастап тіркеу өзгерістері;

4.1.30. ESG қағидаттарын сақтау (Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (Environmental, Social, and Corporate Governanse, ESG) - осы компанияны экологиялық, әлеуметтік және басқару проблемаларын шешуге тартуға қол жеткізілетін компанияны басқару сипаттамаларының жиынтығы);

4.1.31. Сатып алынатын тауарларды/материалдарды отандық тауар өндірушілерден Жұмыстарды орындау кезінде отандық тауарларды/материалдарды сатып алуды жүргізу (оларды Қазақстан Республикасында өндіру шартымен). Осы тауарлардың отандық тауар өндірушілері нарығының мониторингі Холдингтің, Тапсырыс берушінің ақпараттық дерекқорларын, оның ішінде Отандық тауар өндірушілер тізілімін, сондай-ақ отандық тауар өндірушілер және олар өндіретін тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын Қазақстан Республикасының уәкілетті органының тиісті ақпараттық дерекқорларын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

4.1.32. Тапсырыс берушіден Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерді орындауы мониторингінің нәтижелерін алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілген мониторингте көрсетілген ескертулерді/кемшіліктерді жоюға міндетті.

4.1.33. Тапсырыс беруші көрсеткен мерзімде Тапсырыс берушінің өкілдерінің Жұмыстарды орындау орындарына кіруін қамтамасыз етуге және тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандардың, жабдықтардың, техниканың (техникалық құрылғылардың), ғимараттардың (құрылыстардың), үй-жайлардың, бағдарламалық қамтамасыз етулердің нақты болуын растауға;

4.1.34. Қаржы агентіне ақшалай талапты (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шарты (бұдан әрі - Факторинг шарты) бойынша Тапсырыс берушіге осы Шарттан туындайтын өзінің ақшалай талабын бермеуге;

4.1.35. Факторинг шартына қол қойылған және/немесе Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде: - факторинг шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі; - Мердігер тарапынан факторинг шартына қол қойған тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттар.

4.1.36. жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және Сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Жұмыстар шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың тізбесін Сатып алу жөніндегі қор операторы ҰКП-мен келісім бойынша бекітеді.

4.1.37. "Қазақстан темір жолы "ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған Өнім беруші кодексінің талаптарын сақтау: https://railways.kz/en/corporate-governance/corporate-documents/ https://railways.kz/ru/korporativnoe-upravlenie/korporativnye-dokumenty/ https://railways.kz/kk/korporativtik-basaru/korporativtik-zhattar/; - жұмыстарды орындау басталғанға дейін Мердігер қызметкерлерінің, қосалқы мердігерлер, бірлесіп орындаушылар қызметкерлерінің және осы шартты орындауға тартылған өзге де тұлғалардың Өнім беруші кодексінің талаптарын орындауын және танысуын қамтамасыз етсін"

4.1.38. осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша өткізу бойынша соңғы кірісті/айналымды есептеген/алған күннен бастап 5 жыл өткен соң салық салу міндеттілігі қағидатын сақтауға, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындауға; - өз контрагенттерінің басқа шарттар, мәмілелер бойынша салық салу міндеттілігі қағидатын 5 деңгейге дейін сақтауын, осы Шарттың қолданылуы кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша сату бойынша соңғы кірісті/айналымды есептеген/алған күннен бастап 5 жыл өткен соң Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарының тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге; - Мердігер жасасатын шарттарға Мердігер контрагенттің және оның контрагенттерінің салық салу міндеттілігі қағидатын 5-деңгейге дейін сақтауға, жасалған шарт кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша сату бойынша соңғы кірісті/айналымды есептеген/алған күннен бастап 5 жыл өткен соң Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісті түрде орындауға қатысты талаптарды енгізу

4.1.39. Қазақстан Республикасының өндірістік қауіпсіздік саласындағы заңнамасының (бұдан әрі - ӨБ) талаптарын сақтауға;

4.1.40. осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін тартылатын өз қызметкерлерін, үшінші тұлғаларды жұмыстарды орындау объектісінде қолданылатын стандарттармен, регламенттермен, нұсқаулықтармен және Тапсырыс берушіден алынған Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы өзге де құжаттарымен (бұдан әрі - ӨБ) таныстыруға міндетті.

4.1.41. Тапсырыс беруші белгілеген нысандар бойынша және мерзімдерде Тапсырыс берушіге ӨБ жай-күйі туралы ақпарат беруге міндетті.

4.1.42. Тапсырыс беруші тарапынан тексерулер мен аудит нәтижелері бойынша анықталған ӨБ саласындағы сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған түзету әрекеттерін әзірлеу және орындау

4.1.43. кіріспе нұсқамадан өту үшін біліміне, осы профессия және лауазым бойынша жұмыс өтіліне қарамастан, жұмысқа қабылдау кезінде Тапсырыс берушінің қызметкерлерін (басшы айқындаған «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» курсы бойынша оқытуға жататын қызметкерлер санаттарын қоспағанда) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметіне жіберуге міндетті. Еңбек қауіпсіздігі мақсатында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе және алғашқы нұсқама уақытша қызметкерлерге, іссапарға жіберілгендерге, практикаға келген оқушылар мен студенттерге, келушілерге олар өндірістік алаңдарға барған кезде және ұйымның қауіпті өндірістік объектісінің аумағында жұмыс жүргізетін мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне жүргізіледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.44. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Жұмыстардың орындалу барысы туралы есеп беруге.

4.1.45. Мердігер Тапсырысшының алдында оның мердігерлерінің (қосалқы мердігерлерінің) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін өз мердігерлерінің (қосалқы мердігерлерінің) алдында жауапты болады.

4.1.46. Оқиға себептерін тергеуді ұйымдастыруға және жүргізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Тапсырыс берушінің өкілдерін, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына енгізе отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде тергеп-тексеру нәтижелері бойынша құжаттаманы ресімдеуге;

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімде көрсетілген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды және бағдарламалық қамтылымды оларға балама болатындарымен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге.

4.2.9. Тапсырыс берушінің келісімі болған кезде Жұмыстарды мерзімінен бұрын тапсыруға;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару.

4.3.6. Мердігер тарапынан ақау актісіне қол қоюдан бас тартылған жағдайда, ауызша және/немесе жазбаша қол қоюдан бас тартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Жұмыстардың анықталған кемшіліктері туралы ақау актісіне өз бетінше қол қоюға және көрсетілген кемшіліктерді жою үшін оны сол мерзімде Мердігерге жіберуге;

4.3.7. Тапсырыс беруші Шарттың 7.2.14-тармағында көрсетілген айыппұлды Мердігердің Шарттың 4.1.32-тармағында көзделген міндеттерді бұзғаны үшін берілген ақшалай талап сомасынан ұстап қалуға міндетті.

4.4. Тапсырыс беруші:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.7. Орындалатын жұмыстардың барысы мен сапасына, оларды орындау мерзімдерінің сақталуына, Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер пайдаланатын материалдардың сапасына бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;

4.4.8. Мердігерден Жұмыстарды орындауға қатысты кез келген ақпаратты сұратуға;

4.4.9. Мердігермен келісім бойынша Жұмыстарды жүргізу кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;

4.4.10. Мердігер шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан және/немесе Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында жасалған өзге де шарттар бойынша Мердігер алдында өзінің кредиторлық берешегінен Мердігерге ол шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға және осыған байланысты туындаған залалдар;

4.4.11. Жұмыстарды орындау барысында Жұмыстарды тоқтату себептері жойылғанға дейін заңнамада және/немесе Шартта белгіленген талаптардан ауытқуларға жол берілгені анықталған жағдайда тұтастай Жұмысты немесе олардың бір бөлігін тоқтатуға. Бұл ретте, Жұмыстарды орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, Тапсырысшы Жұмыстарды орындауды тоқтату мерзімін Тапсырысшының мерзімін өткізіп алуы деп танымайды және Мердігерді Шарт бойынша жауапкершіліктен босатпайды;

4.4.12. Мердігерден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген шығындар мен шығындарды, сондай-ақ ұсынылған өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын өтеуді талап етуге;

4.4.13. Өз қалауы бойынша және зардаптарды азайту мақсатында Тапсырыс берушінің объектілерінде Шарт бойынша Жұмыстарды орындау процесінде Мердігердің кінәсінен туындаған қоршаған ортаға зиянды әсердің зардаптарын оқшаулау және жою жөніндегі жұмыстарды орындауға қатысу. Бұл жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге осындай жұмыстарды жүргізуге арналған шығыстарды өтейді;

4.4.14. Мердігер Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарын сақтамаған жағдайда Мердігерді Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға жібермеуге;

4.4.15. Жұмыстар Шарттың талаптарына, оның ішінде мерзімдері бойынша сәйкес келмеген жағдайда, орындалған жұмыстар актісі бойынша Мердігерден көрсетілген құжатты алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалған Жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жіберу. Орындалған Жұмыстарда кемшіліктер болған кезде Мердігерге кемшіліктердің тізбесін оларды жою мерзімін көрсете отырып жіберуге;

4.4.16. Мердігерден қосалқы мердігерлер және олардың атауын, БСН, басшылар мен құрылтайшылардың деректерін, жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы, аға-інісі, апа-сіңлісі, апа-сіңлісі, балалары), сондай-ақ ЖСН көрсете отырып, жекжаттары (аға-інісі, апа-сіңлісі, ата-анасы, жұбайының (зайыбының) балалары) туралы мәліметтерді қоса алғанда, олардың аффилиирленуі жөніндегі ақпаратты, жарғылық заңды тұлғалардың капиталына, құрылған күнінен бастап тіркеу өзгерістеріне;

4.4.17. Шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде, сондай-ақ Мердігер Шарт бойынша кез келген міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, Мердігер Шарттың 4.1-тармағының 4.1.32-тармақшасында көзделген міндеттемеге мониторингті/және орындауды жүзеге асыруға;

4.4.18. Мердігер Шарттың 4.1.3-тармақшасында көзделген міндеттемені бірнеше рет бұзған жағдайда Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

4.4.19. Мердігер Шарттың қолданылу кезеңінде өнім берушінің Кодексінде көзделген кепілдіктер мен растауларды бұзған жағдайда, оған айыппұл санкцияларын (өсімпұл, айыппұлдар) қолданбай Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.5. Тапсырыс беруші факторинг шартына қатысты Өнім берушіден/Орындаушыдан/Мердігерден тиісті ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқылы.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды тексеруге құқылы.

5.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Жұмыстарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

5.3. Орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі әдісі кезінде анықтала алмаған кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) наразылықты Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынады. Егер Мердігер 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай талап Мердігер танылды деп есептеледі және Мердігер өз тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарламаны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жұмыстардың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе Жұмыстардың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде Мердігерге Жұмыстардың тиісті көлемінің және/немесе сапасының жоқтығы туралы хабарлама жібермесе, Жұмыстарды Тапсырыс беруші қабылдаған болып саналады және осы Шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге жатады.

5.5. Жұмыстарды аралық қабылдау нақты аяқталған аралық Жұмыстар бойынша жүргізіледі:

5.6. Мердігер Тапсырыс берушіге орындалған Жұмыстардың аралық актілерін ағымдағы айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей ұсынады;

5.7. Тапсырыс беруші Мердігер ұсынған орындалған Жұмыстардың аралық актілерін оларды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және қол қояды. Оларға қол қоюдан бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша дәлелді түсініктеме (ақау актісі) жібереді және аралық актілердегі жойылуы қажет кемшіліктерді көрсетеді. Мұндай кемшіліктер жойылғанға дейін Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актілеріне қол қоймайды;

5.8. Жұмыстарды Тапсырыс беруші Шарттың екі Тарапы орындалған Жұмыстардың актілеріне қол қойған күннен бастап қабылдады деп есептеледі.

5.9. Жұмыстарды түпкілікті қабылдау Шартта көзделген барлық Жұмыстар аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

5.10. Мердігер Жұмыстар іс жүзінде аяқталған күннен бастап 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге Жұмыстардың аяқталғаны туралы хабарлама жібереді;

5.11. Тапсырыс беруші Мердігер ұсынған орындалған Жұмыстар актісін оларды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және қол қояды. Оларға қол қоюдан бас тартылған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша дәлелді түсініктеме (ақау актісі) жібереді және актідегі жойылуы тиіс кемшіліктерді көрсетеді. Мұндай кемшіліктер жойылғанға дейін Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне қол қоймайды;

5.12. Орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша ескертулер болмаған кезде Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың актісіне қол қою арқылы Жұмыстарды қабылдайды;

5.13. Тараптардың орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күні Жұмыстардың аяқталу күні болып есептеледі;

5.14. Тапсырыс беруші Жұмыстардың нәтижелерін пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын және Мердігер, Тапсырыс беруші немесе үшінші тұлға түзете алмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда Жұмыстардың нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы;

5.15. Бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген не Жұмыстардың сипатынан туындайтын жағдайларда, орындалған жұмыстардың актісіне қол қойылғанға дейін Мердігер Тапсырыс берушінің қатысуымен жабдыққа алдын ала сынақтар жүргізуі тиіс. Бұл жағдайларда Жұмыс нәтижелерін қабылдау монтаждалған технологиялық жабдық пен инженерлік жүйелердің алдын ала сынақтарының оң нәтижесі кезінде ғана жүзеге асырылады.

5.16. Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Жұмыстарды орындау үшін жабдықты/қосалқы бөлшектерді беруді Тапсырыс беруші Тараптармен келісілген Жұмыстарды орындау жоспарына сәйкес филиалдардың пайдалану вагон депосы (бұдан әрі - ЖҚП) қалыптастыратын және Мердігермен келісілген кесте негізінде жүргізеді;

5.17. Жабдықты/қосалқы бөлшектерді қабылдау және беру Жұмыстарды орындау орны бойынша Тапсырыс беруші мен Мердігердің уәкілетті өкілдері тиісті қабылдау-беру актілерін ресімдей отырып жүргізіледі;

5.18. Жабдықты/қосалқы бөлшектерді Жұмыстарды орындау орнына және кері қарай тасымалдау жөніндегі шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, тасымалдау құжаттарын ресімдеуді Тапсырыс берушінің ЖҚЖ жүргізеді.

6. Кепілдіктер мен сапа

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1. Мердігер Жұмыс сапасының Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкестігін кепілдік береді. Мердігер тапсырыс беруші Объектіні қалыпты пайдаланған кезде осы Шарт бойынша орындалған Жұмыстарда конструкциямен, материалдармен немесе жұмысымен байланысты ақаулардың болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Мердігер:

6.2.1. пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасы, олардың жобалық ерекшеліктерге, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігі, оларда тиісті сертификаттардың, техникалық паспорттардың және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттардың болуы;

6.2.2. Шарттың талаптарына және қолданыстағы нормаларға, ережелерге және техникалық шарттарға сәйкес Жұмыстардың сапасын төмендететін ақауларсыз Жұмыстарды орындау сапасы. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде негізсіз және санкцияланбаған өзгерістері бар Жұмыстардың нәтижесі ақаулы деп танылады және Мердігер өтеусіз түзетуге жатады;

6.2.3. егер кепілдік мерзімі ішінде орындалған Жұмыстарда кемшіліктер немесе Шарт талаптарына сәйкессіздік анықталса, Тапсырыс беруші тиісті талаптарды қойған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен және өз күшімен кемшіліктерді жоюға міндетті.

6.3. Егер Жұмыстардағы ақауларды жою жөніндегі кідіріс Мердігердің кінәсінен болса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.4. Мердігер, егер Жұмыстардың қалыпты тозуы немесе дұрыс пайдаланылмауы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, кепілдік мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер үшін жауапты болады.

6.5. Кепілдік мерзімнің өтуі Мердігер жауап беретін кемшіліктерді (ақаулар мен кемшіліктерді) жоюдың барлық уақытына тоқтатыла тұрады.

6.6. Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалар тарапынан қандай да бір талаптар қойылған жағдайда, Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты патенттік, авторлық немесе сабақтас құқықтардың бұзылуынан туындайтын Мердігер барлық талаптарды өзіне қабылдауға және Тапсырыс берушіге осындай құқықтардың бұзылуына байланысты соңғысының шеккен зардаптарын жою және мәлімделген талаптарды реттеу және қажет болған жағдайда қанағаттандыру жөнінде дереу шаралар

6.7. Егер Жұмыстардағы ақауларды жою жөніндегі кідіріс Мердігердің кінәсінен болса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.8. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстарда ақаулар немесе олардың Шарттың талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Мердігер өз есебінен ақауларды Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жоюға міндеттенеді. Жұмыстарда жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақауларды жойған сәттен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша барлық шығыстар

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігер:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеде белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

7.2.2. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Мердігер орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

7.2.3. Мердігер Шартта айтылған Жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша тиісті міндеттемені бұзған әрбір күн үшін уақтылы орындалмаған/орындалмаған Жұмыстар құнының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті;

7.2.4. Егер Мердігер Шарттың 4.1.10-тармағында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады;

7.2.5. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге әрбір

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша уақтылы жойылмаған ескертулер құнының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті;;

7.2.6. Мердігердің кінәсінен Шарт бұзылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге осындай бұзудан келтірілген барлық залалдарды өтейді, сондай-ақ Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді;

